

*Абиыр С. Е.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты  
Алматы қ., Қазақстан*

**ҚЫТАЙДАН КЕЛГЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАҢА ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ  
(1960-1970 жж. Нарынқол өңірі бойынша)**

*Аңдатпа*

Мақалада 1950-1960 жылдары Қытайдан келген қазақтардың ата қонысқа көшіп келгеннен кейінгі әлеуметтік- мәдени тұрмыстық мәселелері (Нарынқол өңірі бойынша) қаралады. Сонымен қатар, 1960-1970 жылдар аралығындағы қандастарымыздың өңірлерге орналасуы мен бейімделуі, мемлекет тарапынан алған жәрдем-ақылары, сондай-ақ, әртүрлі сала бойынша мамандық алып, қоғамдық ортаға бейімделу жағдайлары бойынша архивтік дерек көздерге сүйене отырып, жан-жақты нақты мысалдар негізінде талдау жасалынады.

**Түйін сөздер:** қазақ, репатриант, ата-жұрт, көші-қон, отан, тарих, отбасы, бейімделу, демография, ауылшаруашылығы.

*Абиыр С.Е.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Undergraduate Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
Almaty, Kazakhstan*

**SOCIAL AND CULTURAL ASPECTS THE ADAPTATION OF THE KAZAKHS  
REPATRIATES  
FROM CHINA TO A NEW LIFE  
(1960-1970yy. for the Narynkol region)**

*Abstract*

The article deals with the social and cultural problems of Kazakhs who were repatriated from China in 1950-1960 after migrating to their historical homeland (in the Narynkol region).

Based on the analysis of archival sources and scientific research with specific examples, the received specialties and state benefits, as well as the resettlement of repatriates in the region, their life and adaptation to public life after returning to the land of their ancestors in 1960-1970.

**Key words:** Kazakh, the immigrant, the land of their ancestors, migration, homeland, history, family, adaptation, demography, agriculture.

*Абиыр С. Е.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Магистрант Казахского национального педагогического университета имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан*

**СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ АДАПТАЦИИ КАЗАХОВ-  
РЕПАТРИАНТОВ  
ИЗ КИТАЯ К НОВОЙ ЖИЗНИ  
(1960-1970гг. по Нарынколскому региону)**

*Аннотация*

В статье рассматриваются социально-культурные проблемы казахов-репатриантов из Китая в 1950–1960 гг. после миграции на историческую родину (по Нарынколскому региону).

На основе проведенного анализа архивных источников и научных исследований с конкретными примерами, полученные по прибытию специальности и государственные льготы, также, расселение казахов-репатриантов по региону, их быт и адаптация к общественной жизни после возвращения на землю предков в 1960-1970 годах.

**Ключевые слова:** казах, репатриант, земля предков, миграция, родина, история, семья, адаптация, демография, сельское хозяйство.

Күні кеше өткен уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналатыны заңды құбылыс. Бұл сонау 1950-1960 жылдардағы Қытайдан келген қазақтардың ата қонысына көшіп келуі. Десе де, қазақ халқының шет ел ауып босып кетуінің себеп-салдары белгілі. Бүгінде еліне оралу үрдісі әлі де жалғасын табуда. Оралу кезеңдері бойынша Қытай Халық Республикасынан 1950-1960 жж. келген қазақтардың отандық тарих ғылымында өзекті тақырыптардың бірі болып келеді және терең зерттеуді қажет етеді.

1954 ж. КСРО мен Қытай мемлекеті арасындағы жасалған келісім шарт оң шешімін тапты. 1954ж. 16-сәуірде № 751-329 аса құпия жарлығы бойынша маусым-тамыз айларында Қытай Халық Республикасындағы «кеңес азаматтарын» тың жерлерді игеруге байланысты көшіру туралы, 1955 ж.17 қыркүйекте № 1701 «Шекарадан тыс жерлердегі кеңес азаматтарын репатриациялау және оларды КСРО-да еңбекпен қамту» туралы қаулы қабылдайды. Осы қаулылар негізінде Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданы мен Іле-Қазақ облысынан және т.б. аудандарынан қазақтар өз отанына қайта орала бастады [1,268 б].

1955 жылдың 1-сәуірінен бастап Қытайдан «кеңес азаматтары» арнайы тәртіппен келе бастады. Жалпы репатрианттардың ішінде Республика бойынша қазақтар ғана емес басқа ұлттың өкілдері де болды. Біз сөз еткелі отырған Алматы облысы Нарынқол өңірі бойынша еліміздің Қорғас кеден бекетімен және Нарынқол ауданының Абай елді мекеніндегі уақытша кеден бекетінен Қытайдың Іле-Қазақ облысынан көптеп қазақтар «кеңес азаматтары » деген қолдарында қызыл паспорттары, формасы 3x4 фото суреттері бар репатрианттар шетінен келіп жатты. Репатрианттардың біраз бөлігі Нарынқол өңіріне барып орналасты, себебі басым көпшілігінің ағайын-тума бауырлары осы ауданда өмір сүріп жатқан болатын. Тамырын іздеген қазақтар бірлесіп өмір сүру жағдайларын ойлады. Шекарадан қабылдап алу үшін Алматы облысы көші-қон бөлімінен арнайы өкілдер, Нарынқол ауданының есепшілері және техникалық қызметкерлері арнайы жоспар мен кесте бойынша жұмыстар жүргізді. Барлық пункттер бойынша сауда орындары ашылып, дәрігерлік және мәдени қызмет көрсету шаралары ұйымдастырылған. Алматы облысының мұрағат құжаттарының дереккөзінде көрсетілгендей, 1955ж 12 қарашада шыққын №433-ші КСРО партия комитеті және министрлер кеңесінің қоныс аударушылардың шаруашылық құрылымы туралы шешімінің жоспары бойынша Алматы облысының 17 колхоздарына 415 отбасыны бөліп орналастырған. Нарынқол ауданына 1955 ж 219 отбасы адам саны 518 болса, ал 1956ж 1-ші қазанда Алматы облыстық қоныстандыру бөлімінің көмекшісі А.Өмірзақовтың берген анықтамасы бойынша облыс бойынша басқа аудандарға тұрғын үйдің жоқтығына байланысты риза болмағандықтан қоныс аударушылар басқа елді мекендерге көшіп кеткендерін айта кетіп, Нарынқол ауданы бойынша 235 отбасы, 560 адамдардың тұрып жатқандығын репатрианттарға 213 үй салынып кіргендігі туралы анықтама есебінде көрсеткен [2, 22 б].

Нарынқол ауданына КХР-нан 1957 жылдың қаңтар айынан бастап жалпылама көптеп көшіп келіп қоныстану басталды. Бірінші кезекте көшіп келушілерді Нарынқол ауылдық кеңесінің тіркеу кітабына өз арыздарымен колхоз мүшеліктеріне қабылдау туралы өтініш жазу арқылы еңгізіле бастады.

Бұдан кейінгі 1958-1963 жылдар аралығында көшіп келген азаматтарды Нарынқол ауданының Ленин атындағы, Крупская, Каганович, Комунизм, Жамбыл, Энгельс колхоздарына ,Текес ауылдық кеңесі тізіміне ретімен есепке алып жайластыру басталды. Бұл азаматтар келе салысымен аудандың шаруалық кітабына тіркеліп келген уақыты көрсетілген реттік нөмірлер берілген. Келген азаматтарға колхоздардың мүшесі деген нөмірленген билеттер берілген. Оларға әрбірінің қызметіне қарай малшы, жылқышы, қойшы, ағаш өңдеушілер сияқты разрядтар берілген. Олардың ішінде жартылай сауатты және сауатсыздар деп есепке алған. Жартылай сауатты деп төрт жылдық мектепті оқып араб әрпі негізінде төте жазу стилімен хат таныйтындарды айтқан.

Нарынқол ауданы “Нарынқол” ауылдық кеңесіне тіркелген азаматтар негізінен аудандық жоспарлау мекемесінің басшысы Г.Шарифуллин деген азаматтың басқарма шешімімен орман шаруашылығына жұмысқа тіркелген. Ол кезде орман шаруашылығы мекемесінің бастығы Алдияров деген азаматтың басшылығымен үй-жай ,мал қора салып алу үшін құрылыс

материалдарымен бірге ағаш бөренелерін беріп тегін жабдықтап отырған. Негізінен ауданға көшіп келген азаматтарды колхоз басшылығы көшіп келушілер деген жанұялық тізім анықтамасын беріп отырған.

Көшіп келушілер өздері мүше болып тіркелген колхоз төрағаларының атына, ауыл кеңесі төрағаларына арыздарын беріп, керек жабдықтарын сұрап отырған. Ауылдық кеңес, колхоз бастықтары әрбір көшіп келушінің арызы бойынша аудандық атқару комитетіне жеке-жеке анықтама хат жазып, керек деген құрылыс материалдарын, азық-түлік, ақшалай жәрдемдерін сұрап алып отырған.

Нарынқол аудандық атқару комитеті 1957 жылы 29 қаңтар №1-11 Каганович колхозына көшіп келген, тіркеуден өткен 35 жанұяға аудандық орман қожалығы мекемесінен әрбіріне 20 м<sup>3</sup> мөлшерінде тегін ағаш бөліп берілді. Бұл азаматтардың әрбіріне Каганович атындағы колхоз бастығы Сатаевтың атына өтініш жазып тіркеу кітабына тіркелген нөмірлері арқылы көрсетілген анықтама беріліп отырған.

Алматы облыстық атқару комитетінің шешімімен 1957ж 10-қаңтар №3 үкімі мен Нарынқол аудандық орман шаруашылығы үлестіру қорына 1957 жылға төмендегідей барлығы – 80,55 мың куб, соның ішінде II-топ ағашы – 76,75 мың куб ағаш бөлінеді. (Обл архив . Обл Исполком от 10.01.1957г). Қазақ ССР-ның атқару комитетінің ,Қазақ Компартия Партия Орталық Комитетінің 12-қараша 1955 жылғы №731 үкімі мен 6000мың куб ағаш көшіп келгендерге тегін таратылуына рұқсат беріледі. Бұл ағаштарды 1956 жылдың басынан көшіп келген азаматтарға жеке үй құрылысына қолдануына бөлінді. (Обл архив Каз Исп.Ком.КП от 12.11.1955г). Ағаштарды бөлістіру нормасы әрбір жанұяға 18-20мың куб мөлшерінде норма бекітіледі және қатаң қадағалау еңгізіліп, әрбір азаматтан ауылдық кеңестің және жұмыс орындарының анықтамасы арқылы талап етіледі. 17.12.1956ж №18 және 09.01.1957ж №01 үкімдерінің орындалуы аудандық орман шаруашылығы мекемесіне қатаң тапсырылады. Нарынқол аудандық атқару комитетінің 1957 жыл 28 қаңтар №8 аудандық орман шаруашылығы қорға бөлінген ағаштарды аудан колхоздарына ауыл кеңестеріне бөлістіру үкімі шығады. КХР көшіп келген отбасыларға тегін үй жай құрылыс жұмыстарын үлестіру үшін колхоз, ауыл кеңестеріне төмендегіше бөлінген:

<i>1.Каганович атындағы колхоз</i>	<i>1.5мың м<sup>3</sup></i>
<i>2.19 парт съезд атындағы колхоз-Жамбыл ауылы</i>	<i>1.8мың м<sup>3</sup></i>
<i>3.Карл Маркс атындағы колхоз-Текес ауылы</i>	<i>1.8мың м<sup>3</sup></i>
<i>4.Сталин атындағы колхоз</i>	<i>1.7мың м<sup>3</sup></i>
<i>5.Крупская атындағы колхоз- Қайнар ауылы</i>	<i>1.7мың м<sup>3</sup></i>
<i>6.Ленин атындағы колхоз- Сарыбастау ауыл</i>	<i>2.9мың м<sup>3</sup></i>
<i>7.Абай атындағы колхоз-Қаратоған ауылы</i>	<i>2.9мың м<sup>3</sup></i>
<i>8.Калинин атындағы колхоз- Сарыжаз ауылы</i>	<i>2.7мың м<sup>3</sup></i>
<i>9.Ворошилов атындағы колхоз</i>	<i>5.4мың м<sup>3</sup></i>

Аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы Шарифуллин Г-нің колхоз төрағаларына, ауылдық кеңес төрағаларына Қытай Халық республикасынан келгендерге үйлік ағаш босату тәртібі жіберіледі. Әрбір жанұяға ауыл кеңесінің есебінде тұратындығын растайтын жеке меншік үйінің жоқтығы туралы, сол жанұяға колхозда мүше екендігін растайтын анықтамаларды талап еткен. Екі данадан анықтама және колхоз басшылығының хатымен жазылған құжаттар талап етіледі.

Колхоздан билет ұжымдық түрде тегін ағаш алатындарға бір адам келіп алып кеткені жөн деп есептелінеді. [ 3. 1-5 бб]. 1958-59 жылдары аралығында Нарынқол ауданына 1477 жанұя көшіп келіп, жанұялар құрамында 7728 адам болған. Соның ішіндегі 1094 адам колхоздар үйлерінде жайластырылған, ал қалған 261 жанұя ауданнан бөлінген ссуда есебінен салынған үйлерге жайғастырылған.

1957-1958 жылдар аралығында көшіп келушілер есебінде Қытай Халық республикасынан Ленин атындағы колхозға( төрағасы Ашимбаев А.) келіп 117 жанұя колхозға мүше болып тіркелген. Колхоз басқармасы басшылығымен олардың 75 жанұясына үй салуға 960 мың сом, сиыр алуға 44 жанұяға 132 мың сом сұраныс беріліп, олардың сиыр сатып алуына 35 мың сом, үй салуға 108 мың сом алып берілген. [4, 16]. Ал 1959 жылы тағыда 150 жанұя келіп қосылған. Бұлардың барлығына ауыл шаруашылығы банкісінен кредит алуға сұраныс жәрдем беріліп отырған. 1957 жылдың қаңтар айында Ленин колхозы мүшелерінің саны 418 адам болған. Бұл туралы азамат Қ. Әбиевтің Нарынқол аудандық комитеті мен еңбекшілер депутаттарының аудандық кеңестік «Советтік шекара» газетінің № 31(1357) 14 сәуір 1957ж санында «Жаңа

қоныстанушыларға қамқорлық» деп аталатын мақаласы жарыққа шығады. Мақалада соңғы екі жылдың ішінде Ленин атындағы колхозға жаңа қоныстанушылардан 65 түтін көшіп келді. Олар колхоз шаруашылығының әр түрлі салаларына жұмысқа орналастырылды. Жаңа қоныстанушыларға колхоз тарапынан материалдық көмектер көрсетілді. Оларға 211 бас қой 31 сиыр сатылып берілді, қалған 34 түтінге сиыр сатып алу үшін ақша босатылды және 17 жанұя тұрғын үйлерге орналасты енді 48 түтінге үй салып беру үшін 400 текшеметр құрылыс ағаштары дайындалды. Қоныстанушылар жанұясы азық-түлікпен түгелдей қамтамасыз етілді, балалары оқуға тартылды деп есеп берген.[5, 1 б].

Осы жылдары октябрьдің 40 жылдығы колхозында КХР-нан келген қоныс аударушыларға 227,809 мың сом ақша 24 жанұяға үй салуға бөлінген. Октябрь колхозына КХР-нан 51 жанұя, ал қалалардан 14 жанұя келген. 1958 жыл бойы колхоздан 75 үй сатып алынған; соның 43-і, КХР-нан келген қоныстанушыларға берілген.

Крупская атындағы колхозда 1955 жылы 138 жанұя болып, жан саны 706 адам болған. Ал 1958 жылы бұлардың саны 211 түтін болып адамдар саны КХР-нан келген қоныс аударушылар есебінен 987-ге келіп жеткен. Бұлардың ішінде колхозда істейтіндер; қой малында-108 адам, сиырда-20 адам, шошқада-2 адам, жылқыда-9адам, түйеде- 1адам, құс фермасында- 2 адам жұмыс істеген.

Колхоз басқару әкімшілігін жұмыстарында 13 адам, одан басқа зоотехник, мал дәрігерлері, ферма бастықтары, трактористтер, өндіріс бригадирлері сияқты мамандар аралас жұмыс атқарған. Өнер, білім беру саласында да жұмыс жүріп жатты. [8, 26]. 1962 ж 1-желтоқсанында осы колхозда 1838 адам болып соның ішінде 677-і жұмысқа жарамды колхозшылар еді. Бұлардың көпшілігі 1959-1962 жылдары Қытай халық республикасынан қоныс аударғандар. Сол жылғы жер көлемі 13781 га болып, соның 9287га ауыл шаруашылығына қарады. Колхозда жұмыс істеушілер егін шаруашылығы яғни бидай,сұлы, жоңышқа, картоп егумен айналысты. Негізінен мал шаруашылығына бейімделген екі сиыр фермасы, екі қой фермасы, жылқы, тауық фермалары және машина,трактор автопаркі, ауыл цехы, орта мектеп, балабақша, мәдениет клубы, байланыс почта мекемесі, ауыл моншасы болды. Осындай мекемелер бойынша колхозшылар жұмыс жасады.[6, 1-266].

Энгельс атындағы колхоз бойынша тарихи мағлұматта Мирзоян атындағы колхоз болып 1930 жылы құрылған. Сонан бері қарай 1938 ж, 1950ж, 1954 жылдары бірнеше колхоздар бірігіп, Киров атындағы колхоз болып аталады. 1961 жылдары Энгелес атындағы колхоз болып, қайта құрылып жаңа Қарасаз ауылы құрылады – Энгельс колхозы болып Нарынқол ауданы аумағына қараған. Қоныстанушылардың себебінен 1962 жылы колхозда барлығы 2058 адам болып соның 837-і жұмысқа жарамды колхозшылар болған. [7,46].

Карл Маркс атындағы колхозда 1930 жылы құрылған, 1958-жж Қытай Халық республикасынан қоныс аударғандар саны күрт көбейіп, соның себебінен колхозда халық саны 2478 адам саны, соның ішінде жұмысқа жарамды адамдар саны 952-ге жетті, жер көлемі кеңейтілді.[8, 26].

1959 жылдың 26-мамырда Қаз ССР ауылшаруашылығы министрінің №347 шешімімен Нарынқол селолық жасыл аймағы кеңейтіріліп 459га жерді 1-ші топтағы орман аймағына айналдырады. Аты әлемге танымал Тянь-Шань таулы аймағына кіретін 200 шақырым жерді қайыңды,қарағайлы өсетін жерлер және қалың әр түрлі ағаштарға бай ну орманды, тоғайларды иеленуге береді. 1953-1963жж аралығында орман далалары, орман шаруашылықтары 2-топтағы орман ағаштарына айналған, себебін жаңа жас өскін ағаштардың отырғызылмай баптап қаралмағандығымен байланыстырады. Сондықтан орман шаруашылығын қолға алу жұмыстары ,жұмысшылар көптеп тартылуы керектігі жолға қойылды. Қоныстанушылардың басым көпшілігі орман шаруашылығымен, мал шаруашылықтарына көптеп тартылып ауданның аз уақыттың ішінде өркендеп өсуіне зор үлес қосты.

XIX партсъезд атындағы колхозға 1956-1959жж аралығында Қытай халық республикасынан 795 қоныстанушылар келіп ,соның ішінде 361-і жұмысқа жарамдысы болған. Ал 1956-57жж 152 адам келсе онын 67-і жұмысқа жарамды болды. 1958-1959жж 643 адам келді, онын 294-і жұмысқа жарамдысы болған. XIX партсъезд атындағы колхоз қоныстанушыларға осы жылдар аралығында барлығы ссуда есебінен 7 үй салуға берсе, дайын салынған 1 үйді ссуда есебінен берген, құрылыс есебінен 16үйді салуға берілсе, 66 сауынды сиырлар берілген. 36 адам колхоз үйлерінде, 54 адам туыстарында 57 адам шағын үйлерге (временкалар) орналастырып, 243 жанұяға қолдарындағы малдарына жетерлік жем-шөп беріліп отырған. Әрине бұндай жем-шөп беру алғашқы жылдары беріліп отырған себебі жаңа жерге үйренісіп кету оңайға түспегені және қыстың ұзақ әрі қатаң

ауа-райына қарай жәрдем беру істері жүрген. Енді 25-ші желтоқсан 1960жылғы есеп бойынша осы аталған колхоздың қоныстанушыларына құрылысшылар күшімен салынған үйлер саны 49 болған , 181 бас ірі қара мал берілген, бөлінген егістік жерлердің ауданы 800га жеткен , 1300 мың сом ақшаны үй салуға немесе мал сатып алуға берсе, құрылыс материалдарына 40 мың сом, орман ағаштарын сатып алуға 244 мың берілген.[9,66 ].

Коммунизм атындағы колхоздың Қақпақ ауылдық кеңесіне қарасты 1962жылдың аяғында жасаған есебіне байланысты колхозда 546 жанұя болса, соның ішінде 204 жанұясы Қытайдан келген қазақтар ауыл мүшеліктеріне тіркеледі. Колхозда барлығы 2939 адам санақта тұрса, солардың жұмысқа жарамды ер адамдар саны 516, жұмысқа жарамды әйел адамдар саны 521, жас өспірімдер саны 1685 болған. 1963-1967жж аралығында Нарынқол ауданын Кеген ауданына қосып екі ауданның ортақ атауы ретінде Кеген ауданы деп аталады. 1963 жылдың қаңтар айында Кеген өндірістік колхоз-совхоз басқармасына қарасты Коммунизм колхозына ҚХР-нан келген қоныстанушылардың 304-і жанұя яғни 1587 адам,соның ішінде 242 –і оқу жасындағы балалар, соның ішінде 210-ін оқу білімге тартқан.Осы келген жанұяларға қыстың қақаған ортасында келулерін ескере отырып,колхоз тарапынан 1213 центнер бидай, май 30 центнер, ет 64 центнер, кант 81 центнер, чай 68 кг, макарон 270 кг, өсімдік майы 400 кг көмек берілген. Сонымен қатар, жылы киімнен кұфайка 105дана, мақталы шалбар 85дана, пима 73 пар, және тұмақ 5дана берілген. 204 жанұяның 50-іне жаңа салынған үйлер берілсе қалғанына, уақытша тұрып, өздеріне үй салып алғанша тұру үшін үйлер бере отырып, 290 дана темір печь, 15 дана плита, отындық қарағайдан 938мың куб берілген.[10, 2-366].

Білім беру мекемелерінде керекті оқу жабдықтарының жетіспеушіліктерін колхоз басшылары аудандық атқару комитеттеріне өздерінің есеп беру арқылы көптеген олықлықтарын жеткізіп отырған. Қоныстанушылардың өздері мен балаларын сауаттандыру жұмыстары кеште болса қолға алынып, кешкі оқу курстарын ашып хат таныту іс-шаралары жүріп жатты . Әсіресе, ауыл жұмысшыларының күндіз жұмыс істеп, кеште сауат ашу курстарына баруы қолға алынды. Кеңес үкіметінің ешбір адам сауатсыз болмауы керек, барлық адамдар оқу білімге тартылуы керек деген ұстанымдары жақсы нәтиже берді.

Жамбыл ауылдық кеңесіне қарасты ауыл шаруашылығында 1955-1964жж аралығында түтін саны 311 болып,барлық адамдар саны 1629 адам болған. Осы аты аталған ауылға арнайы визамен келген ҚХР нан 10қаңтар 1960ж тізім бойынша 179адам келіп орналасқан, солардың ішінде 25 жанұяға 25 сауынды сиыр беріп, әр сиырды 150 сомнан бағалаған.[11,46].Келген қоныстанушылардың барлығы жаппай жұмыстарға тартылған, мал шаруашылығына, жаңа типтегі базалар салуға, астық қоймаларын жасауға, мәдениет үйлерін салуға, 250 кісілік ауыл клубын, балабақша, ауыл моншасының құрылыстарына тартылған. Ауыл бойынша 65үй салу жоспарланып соның 55 тұрғын үйі салынып біткен. Көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп 4000 жас ағаштар отырғызылған.[12, 186].

Нарынқол ауданы бойынша 26 наурыз 1960жылы аудандық еңбекшілер депутаттарының №5 кезекті сессиясында аудан тұрғындарының ,соның ішінде ҚХР-нан келген қоныстанушылардың тұрмыс жағдайы саяси , мәдени, білім беру, АХАЖ тіркеу, денсаулық салаларына тәрбие жұмыстарына аса мән берілуін қадағалауды ауыл төрағаларына, ауылдық кеңес төрағаларына ауыл депутаттарына тапсырмалар беріліп отырған.[13, 546].

Тың және тыңайған жерлерді игерудің 1954жылдан басталған дүбірі таулы өңірдің де ойы мен қырын түгел шарпыды. Ауданның Қақпақ, Сарыжаз, Текес, Нарынқол, Қайнар ауылдарына тың игерушілер келіп қоныстанды.Егістік жердің көлемі едәуір көбейді 1965жылы ол 53мыңға, ал1974жылы 70мың гектарға жетті. Шаруашылықтар суармалы егіншілікпен шұғылдануды бастады. Крупская атындағы колхозда қазіргі Қайнар ауылында «Жаңа жеміс» атты үлкен канал қазылды. Сүмбе мен Қызылшекара ауылдарының арасына үлкен су тоғаны тартылды. Ленин атындағы колхозға ауыл іргесінен су тоспасын жасады. Осындай жұмыстардың бәрі ҚХР-нан келген қоныстанушылардың әсерінен ауыл тұрғындарының өсуі және қол күштерінің нәтижесі. Нарынқол-Алматы облысындағы ірі аудандардың біріне айналды. Мұнда қой шаруашылығында қойдың саны жарты миллионнан асты. Ауданда табыстың 80% малшаруашылығы. Ірі қара мал, жылқы өсіруде тиімді салаға айналды.Бұның ең басты себебі аудан таулы сілемдердің белдеулей өскен қалың орман,қарағайлы тау жоталары,өзен қуалай орналасқан жыныс тоғайлар ,кең жазиралы жазық далаларының арқасында жазда жайлау,күзде күздеуде,қыста қыстау сияқты мал жағдайына байла-нысты көшіп-қону мал өсіру мүмкіншіліктерінің барлығын қолдана білуінде болды [14,108-111 бб].

Осындай қауырт еңбектің жүру нәтижесінде еңбек ардагерлері және ауданның құрметті азаматтарының шығуы – ол шынайы құбылыс. Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді демекші қанында мал бағу қасиеті бар жаңа қоныстанушылардың басым көпшілігі малшаруашылығының қой, жылқы, сиыр бағу салаларына кетеді. Төл алу жоспардан тыс көп өнім алу сияқты адал еңбектерімен Кеңес үкіметінің талаптарын орындау арқылы қызу еңбек жолдарын бастап кетті. Еңбек ерлерінің көптігіне еш шүбә келтіру мүмкін емес. Аудан осындай еңбекші халқының арқасында он бірінші бесжылдықта екі рет КПСС Орталық комитетінің « Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Бірнеше рет республикалық және облыстық социалистік жарыстардың жеңімпазы болды.[15, 36 ].

1962 жылы ҚХР-нан келген азамат Мышан Молдасанов отбасымен бірге Ленин атындағы колхозға келіп орнығып малшаруашылығында қой өсіру фермасында қойшы болып еңбек жолын бастап кетеді. Кеңестік партия қауылыларына орай, 1960-1970жж мал басын көбейту жұмыстарын қолға алып, қажырлы еңбегінің нәтижесінде Үкімет тарапынан марапатталады. «Октябрь революциясы» орденімен, екі рет «Қызыл Ту» орденімен, «Жарыс жеңімпазы», « 9-шы бесжылдық екпіндісі», «Көп жылдық еселі еңбегі үшін» деген көптеген марапаттарға ие болған, бүгінде тоқсанға келген көп балалы әке, бірнеше немере-шөбере сүйіп отырған бақытты қария, әлі де болса, осы малшаруашылығының қыр-сырын өз балаларына үйретіп, жеке өз шаруашылығын ашып дөңгелетіп әкетіп отырған кәсіпкер. Осындай алмағайып замандарды басынан кешірген еңбек ерлері мыңдап артылады. Бұндай еңбек ерлері туралы бөлек әңгіме жазылары хақ.[16, 286].

Қорыта келе, 1950-1960жылдары ҚХР-нан келген қазақтардың тарихи отанына оралуының 1960-1970 жылдары жаңа өмірге араласып, бейімделе отырып, қоғамнан өз орындарын таба білді. Қазақстандағы халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, демографиялық өсуіне тікелей әсер етті. Шет елдегі қандастарымыздың оралуы әлі де жалғасуда және тарихи отанына қайтып келген және болашақта келетін бауырларымыздың елдің экономикасына, әлеуметтік-демографиясына оң ықпалын тигізері сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Құдайбергенова А.И Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры (1917-1991жж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 416 б.
2. Қазақстан Республикасының Алматы облыстық мемлекеттік архивы. ҚР АОМА. 1747-қ., 2-т., 6-іс.
3. ҚР АОМА. 1234-қ., 2-т., 35-іс.
4. ҚР АОМА. 1253-қ., 1-т., 13-іс.
5. Әбиев. Қ. Жаңа қоныстанушыларға қамқорлық // «Советтік шекара» гезеті. 1957,-14 сәуір
6. ҚР АОМА.1032 -қ., 1-т., 2-іс.
7. ҚР АОМА. 1253-қ., 1-т., 13-іс.
8. ҚР АОМА. 928-қ., 1-т., 81-іс.
9. ҚР АОМА. 1032-қ., 1-т., 35-іс.
10. ҚР АОМА. 1257-қ., 27-т., 9-іс.
11. ҚР АОМА. 1257-қ., 27-т., 4-іс.
12. ҚР АОМА. 953-қ., 1-т., 83-іс.
13. ҚР АОМА. 953-қ., 1-т., 128-іс.
14. ҚР АОМА. 928-қ., 1-т., 104-іс.
15. Әріпов. Р. Аспантаулар аясында.—Алматы; Қайнар, 1985—193б.
16. Жұмақаева.Б. Алмағайып заманда көш бастаған азамат.// Айқын.—2009, –16 шілде.